

## **Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы**

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 13 желтоқсандағы № 103 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 қаңтарда № 26537 болып тіркелді

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабы 1-тармағына, "Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 Қазақстан Республикасы Құрылыс және Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының бұйрығына сәйкес, Шиелі ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шиелі ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шиелі ауданының әкімі*

*Н. Макулбеков*

Шиелі ауданының әкімдігі  
2021 жылғы 13 желтоқсандағы  
№ 103 қаулысына қосымша

## **Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері**

1. Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Көкшоқы мөлтек ауданы, И.Әбдікәрімов көшесі №1 үй айына жалпы алаңның бір шаршы метрі үшін 93 (тоқсан үш) теңге 3 (үш) тиын мөлшерінде.